

**«Абай-дана, Абай-дара» атты
Абай Құнанбаевтың 175-жылдығына арналған поэзиялық кеш**

2019 жылдың 24 желтоқсанында ҚарМТУ-дың «Жастар Әлемі» ЖС «Серпін-2050» оқу орталығының және «Серпін» бағдарламасы аясында білім алып жатқан бір топ жастардың ұйымдастыруымен «Абай-дана, Абай-дара» атты поэзиялық кеш өтті. Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175-жылдығына орай ұйымдастырылған іс шарада студенттер видеобейнелер көрсетіп, өлеңдерін оқып, қара сөздерін айта отыра көрініс көрсетті, ұлы тұлғаның сөзіне жазылған әндерді шырқады. Сонымен қатар жас ақындар дара тұлғаға арналған шумақ жолдарын арнады.



